

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 377 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

14-баптың 2-тармағына үшінші бөлігіндегі "кезеңіне қатысса" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, "конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді" деген сөздер алынып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) олар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ізденушісі болса, конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді."

2. Осы Заң ол ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті